



БҰЙРЫҚ

12.12.2016. № 436

Қостанай қаласы

ПРИКАЗ

город Костанай

**Банкроттық басқарушысын
тағайындау туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының 15-бабының 2) тармақшасына сәйкес, «Элтрейд -Д» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (бұдан әрі - ЖШС) банкрот деп тану туралы 2016 жылғы 20 қазандағы Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі және 2016 жылғы 23 қарашадағы «Элтрейд -Д» ЖШС-ның кредиторлар жиналысының хаттамасының негізінде,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Айгуль Кайргельдиновна Мустафина «Элтрейд -Д» ЖШС-ның (БСН 120640009148) банкроттық басқарушысы болып тағайындалсын.

2. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарына сәйкес А.К. Мустафинаға банкроттық басқарушысының міндеттерін атқару жүктелсін.

3. Банкроттық басқарушы А.К. Мустафина «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С.А.Ахметовке жүктелсін.

Департамент басшысы



А. Паяев